Престанс[®] препараты ересектерде мынадай ауруларды емдеу үшін қолданылады: артериялық гипертензия және/немесе жүректің ишемиялық ауруы (ЖИА): амлодипин және периндоприлмен емдеуді қажет ететін пациенттерде кернеудің тұрақты стенокардиясы.

Егер жақсару болмаса немесе Сіз нашарлауды сезсеңіз, дәрігерге жүгіну керек.

2. Престанс[®] препаратын қабылдар алдында нені білу керек

Қолдануға болмайтын жағдайлар

Престанс[®] препаратын қабылдауға болмайды:

- егер Сізде периндоприлге немесе қандай да бір басқа АӨФ тежегішіне, немесе амлодипинге немесе кез келген басқа кальций антагонистіне осы препаратының кез келген басқа компоненттерге аллергия болса (қосымша парақтың 6-бөлімінде көрсетілген),
- егер Сіз жүкті болсаңыз немесе емшек емізетін болсаңыз («Жүктілік, емшек емізу және фертильділік» бөлімін қараңыз),
- егер бұрын Сізде, соның ішінде басқа АӨФ тежегіштерін қабылдаған кезде, ысқырған тыныс алу, бет немесе тілдің ісінуі (ангионевроздық ісіну деп аталатын жағдай), қарқынды қышыну немесе терінің қатты бөртпесі немесе туыстарыңыздың бірінде осындай симптомдар пайда болса,
- егер Сіз артериялық қысымды төмендететін құрамында алискирен бар препаратты қабылдасаңыз және Сізде қант диабеті немесе бүйрек функциясының бұзылуы болса,
- егер Сізде бүйрек функциясы бұзылса,
- егер Сізде жүректің аортальді қалпақшасының тарылуы (аорта стенозы) немесе кардиогенді шок болса (Сіздің жүрегіңіз организмде жеткілікті қан ағымын қамтамасыз ете алмайтын жағдай),
- егер Сізде артериялық қысымның айқын төмендеуі байқалса (гипотензия),
- егер Сіз жүрек ұстамасынан кейін жүрек жеткіліксіздігінен зардап шексеңіз,
- егер Сізге диализ немесе қан сүзудің кез келген басқа түрі жасалса. Пайдаланылатын жабдыққа байланысты Престанс® Сізге сәйкес келмейтін препарат болып табылуы мүмкін,
- егер Сізде бүйрек артериясының стенозы болуы мүмкін ауыр бүйрек ауруы болса (бүйрекке қан ағымының төмендеуі),
- егер Сіз валсартан + сакубитрилді біріктірілімін қабылдасаңыз-жүрек жеткіліксіздігін емдеу үшін қолданылатын препарат («Айрықша нұсқаулар мен сақтық шаралары» және «Басқа препараттар мен Престанс® препараты» қосымша бөлімдерін қараңыз),
- егер Сізде қант диабетімен байланысты ауыр бүйрек ауруы болса және ангиотензин II рецепторларының антагонистерін қабылдасаңыз (АРА II) (сондай-ақ сартандар ретінде белгілі - мысалы, валсартан, телмисартан, ирбесартан).

Егер жоғарыда аталғандардың кез келгені Сізге қатысты деп ойласаңыз, бұл туралы емдеуші дәрігерге хабарлаңыз.

Айрықша нұсқаулар және сақтық шаралары

Престанс® препаратын қолданар алдында емдеуші дәрігерден немесе дәріхана қызметкерінен кеңес алыңыз.

Егер төменде көрсетілген тармақтардың қандай да бірі Сізге қатысты болса, емдеуші дәрігерге міндетті түрде ескертіңіз:

- егер Сізде гипертрофиялық кардиомиопатия болса (жүрек бұлшықетінің ауруы),
- егер Сізде бүйрек артериясының стенозы болса (бүйрекке қан беретін артерияның тарылуы),
- егер Сізде жүрек жеткіліксіздігі немесе басқа жүрек ауруы болса,
- егер Сізде артериялық қысымның айқын жоғарылауы болса (гипертониялық криз),
- егер Сізде бауыр функциясының бұзылуы болса,
- егер Сізде бүйрек ауруы болса немесе диализ жүргізілсе,
- егер Сізде қандағы альдостерон гормонының мөлшері қалыптан тыс жоғарыласса (бастапқы гиперальдостеронизм),
- егер Сізде жүйелі қызыл жегі немесе склеродермия сияқты жүйелі дәнекер тінінің ауруы болса (дәнекер тінінің зақымдалуымен сипатталатын аурулар тобы),
- егер Сізде қант диабеті болса,
- егер Сіз құрамында тұзы аз диетаны ұстанатын болсаңыз немесе құрамында калий бар тұз алмастырғыштарды қолдансаңыз,
- егер Сіз егде жастағы адам болсаңыз және Сіз препараттың дозасын көбейтуді жоспарласаңыз,

- егер Сіз жоғары артериялық қысымды емдеу үшін пайдаланылатын төменде көрсетілген қандай да бір препараттарды қабылдасаңыз:

- ангиотензин II рецепторларының блокаторлары (сондай-ақ сартандар ретінде белгілі - мысалы, валсартан, ирбесартан, телмисартан), әсіресе егер Сізде қант диабетімен байланысты бүйрек аурулары болса,
- алискирен.

Дәрігер сіздің бүйрек функцияңызды, артериялық қысымыңызды және қандағы электролиттердің (мысалы, калий) құрамын үнемі қадағалап отыруы мүмкін.

Сондай-ақ, «Қолдануға болмайтын жағдайлар» бөліміндегі ақпаратты қараңыз.

- егер Сіз төменде көрсетілген қандай да бір препараттарды қабылдасаңыз, ангионевроздық ісінудің даму қаупі артуы мүмкін:

- рацекадотрил (диареяны емдеу үшін пайдаланылады),
- сиролimus, эверолимус, темсиролimus және mTOR тежегіштері деп аталатын класқа жататын басқа препараттар (трансплантацияланған ағзалардың қабылданбауын болдырмау үшін қолданылады),
- созылмалы жүрек жеткіліксіздігін емдеу үшін қолданылатын сакубитрил (валсартанмен бекітілген біріктірілімде шығарылады).

- егер Сіз негроидтық нәсілге жататын болсаңыз, онда сіз ангионевроздық ісінудің даму қаупі жоғары болуы мүмкін, сонымен қатар бұл препарат басқа нәсілдік пациенттерге қарағанда артериялық қысымды төмендетуде тиімділігі төмен болуы мүмкін.

Егер Сіз жүкті болсаңыз (немесе жүкті болуды жоспарласаңыз) дәрігерге хабарлауыңыз керек. Престанс® препараты жүктілік кезінде қабылданбауы тиіс, себебі бұл балаға күрделі зиян келтіруі мүмкін («Жүктілік, емшек емізу және фертильділік» бөлімін қараңыз).

Ангионевроздық ісіну

АӨФ тежегіштерін, оның ішінде Престанс® препаратын қабылдаған пациенттерде ангионевроздық ісіну (беттің, еріннің, тілдің немесе тамақтың ісінуімен ауыр аллергиялық реакция, жұтылу немесе тыныс алудың қиындауы) жағдайлары байқалды. Бұл реакциялар емдеу кезінде кез келген уақытта пайда болуы мүмкін. Егер сізде осы симптомдар пайда болса, Сіз Престанс® препаратын қабылдауды бірден тоқтатып, дереу дәрігерге қаралу керек. «Ықтимал жағымсыз реакциялар» бөлімін қараңыз.

Престанс® қабылдаған кезде, Сіз өзіңіздің емдеуші дәрігеріңізге немесе медициналық қызметкерлерге келесі жағдайлар туралы хабарлауыңыз керек:

- егер Сізде анестезия және/немесе күрделі хирургиялық операция болса,
- егер Сіз жақында диарея, құсу немесе сусыздануды байқасаңыз,
- егер Сізге тығыздығы төмен липопротеиндердің диализін немесе аферезін жүргізу қажет болса (холестеринді қаннан аппараттық жолмен шығару),
- егер Сіз десенсибилизациядан өтсеңіз, бұл аралардың немесе сонаның шағуына аллергиялық реакцияларды азайтуы керек.

Балалар мен жасөспірімдер

Престанс® препаратының тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы деректер осы пациенттер тобында болмауына байланысты препаратты 0-ден 18 жасқа дейінгі балаларға бермеңіз.

Басқа препараттар және Престанс® препараты

Егер сіз қандай да бір басқа препараттарды қабылдап жүрсеңіз, таяуда қабылдасаңыз немесе қабылдауды жоспарласаңыз, емдеуші дәрігеріңізге немесе дәріхана қызметкеріне хабарлаңыз.

Престанс® препаратын мыналармен бір уақытта қабылдаудан сақтану керек:

- литий препараттарымен (мания немесе депрессияны емдеу кезінде пайдаланылады),

- эстрамустин (онкологиялық жаңа түзілімдерді емдеуде қолданылады),
- калий сақтайтын диуретиктер (мысалы, триамтерен, амилорид), калий тұздары, сондай-ақ организмдегі калий мөлшерін арттыратын басқа да препараттар (мысалы, гепарин және ко-тримоксазол, сондай-ақ сульфаметоксазол+триметоприм ретінде белгілі),
- жүрек жеткіліксіздігін емдеу үшін пайдаланылатын калий сақтайтын диуретиктер: эплеренон және спиронолактон күніне 12,5-тен 50 мг дозада.

Престанс® препаратымен емдеудің тиімділігі мен қауіпсіздігіне басқа препараттарды қабылдау әсер етуі мүмкін. Сіздің дәрігеріңіз дозаны өзгерте алады және/немесе басқа сақтық шараларын қолдана алады. Егер сіз келесі препараттарды қабылдайтын болсаңыз, емдеуші дәрігерге хабарлауды ұмытпаңыз, өйткені оларды қабылдаған кезде ерекше сақ болу керек:

- жоғары артериялық қысымды немесе басқа жүрек-қан тамыр ауруларын емдеуде пайдаланылатын препараттар (мысалы, жүрек ырғағының бұзылуы, жүректің ишемиялық ауруы), соның ішінде:
 - ангиотензин II рецепторларының блокаторлары («Қолдануға болмайтын жағдайлар» және «Арнайы нұсқаулар мен сақтық шаралары» бөлімдеріндегі ақпаратты қараңыз),
 - алискирен (сонымен қатар «Қолдануға болмайтын жағдайлар» және «Арнайы нұсқаулар мен сақтық шаралары» бөлімдеріндегі ақпаратты қараңыз),
 - диуретиктер (бүйрек шығаратын несеп көлемін арттыратын препараттар),
 - кальций өзекшелерінің блокаторлары (верапамил, дилтиазем),
 - бета-адреноблокаторлар (организмнің кейбір бейсаналық әрекеттерін реттейтін симпатикалық жүйке жүйесінің белсенділігін модуляциялайтын дәрілер),
- нитраттарды қоса, тамырды кеңейтетін дәрілер (қан тамырларын кеңейтетін препараттар);
- диареяны емдеу үшін (ракекадотрил) немесе трансплантацияланған мүшелердің қабылданбауының алдын алу үшін жиі пайдаланылатын дәрілер (сиролимус, эверолимус, темсиролимус және mTOR тежегіштері класына жататын басқа препараттар). «Айрықша нұсқаулар мен сақтық шаралары» деген қосымша бөлімді қараңыз;
- валсартан+сакубитрилдің біріктірілімі (созылмалы жүрек жеткіліксіздігін емдеу үшін қолданылады). «Қолдануға болмайтын жағдайлар» және «Айрықша нұсқаулар мен сақтық шаралары» қосалқы бөлімдерін қараңыз;
- қабынуға қарсы стероидты емес препараттар (мысалы, ибупрофен) немесе салицилаттардың жоғары дозалары (мысалы, ацетилсалицил қышқылы), әдетте ауыруды басатын, ыстықты түсіретін ретінде және артық қанның ұюын болдырмау үшін қолданылады;
- қант диабетін емдеуге арналған препараттар, оған қоса:
 - инсулин,
 - сульфонилмочевина туындылары,
 - глиптиндер деп аталатындар класына жататын препараттар (линаглиптин, саксаглиптин, ситаглиптин, вилдаглиптин),
- депрессия, үрей, шизофрения және т. б. сияқты психикалық бұзылуларды емдеуге арналған препараттар (мысалы, трициклді антидепрессанттар, антипсихотиктер, имипрамин тәрізді антидепрессанттар, нейролептиктер);
- жалпы анестезияға арналған дәрілер (медициналық емшаралар кезінде сананы және организмнің қорғаныс рефлекстерін ажырату үшін қолданылады, әйтпесе шыдатпай ауыратын болады немесе пациенттің оянуының алдын алады);
- аутоиммундық бұзылуларды емдеу үшін немесе транспланттау операцияларынан кейін пайдаланылатын иммуносупрессанттар (организмнің қорғаныс механизмін азайтатын препараттар) (мысалы, циклоспорин, такролимус);
- триметоприм және ко-тримоксазол (инфекцияларды емдеуге арналған);
- аллопуринол (подаграны емдеу үшін);
- прокаинамид (жүрек ырғағының бұзылуын емдеу үшін);
- симпатомиметиктер: эфедрин, норепинефрин немесе адреналин (төмен артериялық қысымды, шокты немесе демікпені емдеу үшін пайдаланылатын препараттар);

- баклофен (шашыраңқы склероз сияқты ауруларда бұлшықет сіресуін емдеуде қолданылады);
- дантролен (инфузиялық) (шашыраңқы склероз сияқты ауруларда пайда болатын бұлшықет сіресуін емдеуге немесе анестезия кезінде қатерлі гипертермияны емдеуге арналған препарат (өте жоғары температура және бұлшықет сіресуін қоса, симптомдар);
- кейбір антибиотиктер (бактериялар тудырған инфекция кезінде пайдаланылады), олар мынадай:
 - рифампицин,
 - макролиды (эритромицин, кларитромицин),
- *Гиперикум перфоратум* (Шілтер жапырақты шайқурай, депрессияны емдеу үшін пайдаланылатын дәрілік өсімдік препараты);
- симвастатин (холестерин мөлшерін азайтатын препарат);
- карбамазепин, фенобарбитал, фенитоин, фосфенитоин, примидон сияқты эпилепсияға қарсы дәрілер;
- азол тобының зеңге қарсы препараттары: итраконазол, кетоконазол (зеңдік инфекцияларды емдеуде пайдаланылатын дәрілер);
- празозин, альфузозин, доксазозин, тамсулозин, теразозин сияқты үлкейген қуықасты безін емдеу үшін пайдаланылатын альфа-адреноблокаторлар;
- амифостин (обырды емдеуде басқа препараттардан немесе сәулелік емнен туындаған жағымсыз әсерлердің алдын алу немесе азайту үшін пайдаланылады);
- ауыр бронх демікпесі мен ревматоидты артритті қоса, әртүрлі ауруларды емдеу үшін пайдаланылатын ішке қабылдаған кездегі кортикостероидтар;
- тетракозактид (диагностика құралы ретінде, сондай-ақ кортикостероидтарды қолдануға көрсетілген түрлі жағдайларды емдеуде пайдаланылады);
- алтын препараттары, әсіресе вена ішіне енгізгенде (ревматоидты полиартритті емдеу үшін пайдаланылады);
- ритонавир, индинавир, нелфинавир (АИТВ туындаған инфекцияны емдеу үшін пайдаланылатын протеаза тежегіштері деп аталады);
- рекомбинантты тіндік плазминоген активаторы (rtPA, алтеплаза): ишемиялық инсульт сияқты өмірге қауіпті жүрек-қан тамыр ауруларында қан ұйығыштарын еріту үшін пайдаланылатын препарат.

Престанс® препаратын тамақпен және шырындармен қабылдау

Престанс® препаратымен емдеу кезінде грейпфрут шырыны мен грейпфрут қабылдауға болмайды, өйткені грейпфрут пен грейпфрут шырыны қандағы әсер етуші зат амлодипиннің концентрациясының жоғарылауына әкелуі және соның салдарынан - Престанс® препаратын қабылдаудың әсерін күшейте отырып, артериялық қысымның болжамсыз төмендеуіне соқтыруы мүмкін.

Жүктілік, бала емізу және фертильділік

Сіз Престанс® препаратын жүктілік және бала емізу кезінде қабылдамауыңыз керек. Егер Сіз жүкті болсаңыз немесе емшек емізетін болсаңыз, жүкті болдыңыз деп ойласаңыз немесе жүктілікті жоспарласаңыз, препаратты қолданар алдында емдеуші дәрігермен кеңесіңіз.

Жүктілік

Егер сіз жүкті болсаңыз (немесе жүкті бола аласыз) деп ойласаңыз, дәрігерге хабарлауыңыз керек. Әдетте, дәрігер Сізге Престанс® препаратын жүктілік басталғанға дейін немесе Сіз жүкті екеніңізді білгеннен кейін бірден қабылдауды тоқтатуға кеңес береді. Дәрігер Сізге Престанс® препаратының орнына басқа препаратты қабылдауға кеңес береді.

Престанс® препаратын жүктілік кезінде қолдануға болмайды, өйткені оны қабылдау жүктіліктің үшінші айынан кейін қолданған кезде баланың денсаулығына күрделі зиян келтіруі мүмкін: жүктіліктің II және III триместрінде шаранаға АӨФ тежегіштерінің әсері (оларға Престанс® препаратының құрамдас бөліктерінің бірі периндоприл жатады) шарана дамуының бұзылуына (бүйрек функциясының төмендеуі, шарана қағанағы

сұйықтығының тапшылығы, бас сүйек сүйектерінің қалыптасуының баяулауы) немесе жаңа туған нәрестеде асқынулардың дамуына (бүйрек жеткіліксіздігі, артериялық қысымның айқын төмендеуі, қандағы калий концентрациясының жоғарылауы) әкелуі мүмкін.

Бала емізу

Амлодипиннің емшек сүтіне аз мөлшерде енетіні көрсетілген. Емшек емізетін немесе емізуді жоспарлағаныңыз туралы дәрігерге хабарлаңыз. Престанс® препараты емшек емізетін аналарға қарсы көрсетілген және егер Сіз емшек емізгіңіз келсе, әсіресе Сіздің балаңыз жаңа туған немесе мерзімінен бұрын туылған болса, дәрігер Сіз үшін басқа емді таңдауы мүмкін.

Фертильділік

Қазіргі уақытта Престанс® препаратының фертильділікке потенциалды әсеріне қатысты жеткілікті клиникалық деректер жоқ.

Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс жасау

Престанс® препаратын қабылдау Сіздің көлік құралдарын немесе басқа механизмдерді басқару қабілетіңізге әсер етуі мүмкін. Егер осы дәрілік препаратты қабылдау кезінде Сіз жүрек айнуын, бас айналуын, әлсіздігін, шаршауын немесе бас ауыруын сезсеңіз, көлік құралдарын немесе механизмдерді басқарудан тартыныңыз және дереу өзіңіздің емдеуші дәрігеріңізге қаралыңыз.

Престанс® препаратының құрамында лактоза моногидраты бар

Егер Сізде кейбір қанттардың жақпаушылығы болса, осы дәрілік препаратты қабылдар алдында емдеуші дәрігерге қаралыңыз.

3. Престанс® препаратын қабылдау

Әрдайым Престанс® препаратын емдеуші дәрігердің немесе дәріхана қызметкерінің ұсынымдарына толық сәйкес қабылдаңыз. Күмән болған жағдайда емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

Ұсынылатын доза

Тәулігіне бір таблетка. Сіздің емдеуші дәрігеріңіз препаратты қабылдау режимін өзгерте алады.

Енгізу жолы және (немесе) тәсілі

Ішке, тәуліктің бір уақытында, тамақтанар алдында, таңертең қабылдаған дұрыс. Таблетканы шайнамай, сумен іше отырып, тұтастай жұту керек.

Емдеу ұзақтығы

Артериялық гипертензияны емдеуге арналған препараттар үнемі қабылдануы тиіс.

Егер Сіз Престанс® препаратын қажет болғаннан көп қабылдаған болсаңыз

Егер Сіз тым көп таблетка қабылдап қойсаңыз, дереу өз дәрігеріңізге немесе жақын маңдағы жедел жәрдем бөлімшесіне қаралыңыз. Артық дозалану жағдайындағы ең ықтималды әсер артериялық қысымның төмендеуі болып табылады. Егер артериялық қысымның кенет төмендеуі білінсе (бас айналу және әлсіздікпен қатар жүретін жай-күй), жатып, аяқты көтеру керек, бұл сіздің жай-күйіңізді жеңілдетуі мүмкін. Өкпеде сұйықтықтың артығы жиналуы мүмкін (өкпе ісінуі): бұл жай-күй препаратты қабылдағаннан кейін 24–48 сағат ішінде енгізуді тудыра отырып, дамуы мүмкін.

Егер Сіз Престанс® препаратын қабылдауды ұмытып қалсаңыз

Препаратты күн сайын қабылдау өте маңызды, өйткені қабылдаудың жүйелілігі емдеуді тиімдірек етеді. Дегенмен, Егер сіз Престанс® препаратының кезекті дозасын қабылдауды

ұмытып қалсаңыз, әдеттегі уақытта келесі дозаны қабылдаңыз. Өткізіп алған дозаны өтеу үшін Престанс® препаратының қосарлы дозасын қабылдамаңыз.

Егер Сіз Престанс® препаратын қабылдауды тоқтатсаңыз

Жоғары артериялық қысымды емдеу әдетте тұрақты жүргізілетіндіктен, Престанс® препаратын емдеуші дәрігеріңізбен алдын ала талқылаусыз қабылдауды тоқтатпаңыз.

Престанс® препаратын қолдану бойынша сұрақтар болған жағдайда емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне қаралыңыз.

4. Ықтимал жағымсыз реакциялар

Барлық дәрілік препараттарға сияқты, Престанс® препараты жағымсыз реакциялар туғызуы мүмкін, бірақ олар барлығында бола бермейді.

Престанс® препаратын қолдану кезінде хабарланған едәуір күрделі жағымсыз реакциялар:

Жиі емес – 100 адамның, көп дегенде, 1-де туындауы мүмкін:

- кенеттен ысқырған тыныс алу, кеуденің ауыруы, енгігу немесе тыныс алудың қиындауы (бронх түйілуі);
- тыныс алудың айқын қиындауын тудыратын қабақтың, беттің немесе еріннің ісінуі, тіл мен тамақтың ісінуі (ангионевроздық ісіну немесе Квинке ісінуі);
- жүрек ырғағының бұзылуы (аритмия, тахикардия);
- қатты бас айналу, естен тану жай-күйі.

Өте сирек – 10 000 адамның, көп дегенде, 1-де туындауы мүмкін:

- терінің қарқынды бөртпелері, есекжем, бүкіл денеде терінің қызаруы, қатты қышыну, күлдіреуіктің түзілуі, қабыршықтану және терінің ісінуі (эксфолиативті дерматит) және терінің жоғарғы қабаттарының қабыршақтануы, шырышты қабықтың қабынуы (Стивенс-Джонсон синдромы) немесе басқа аллергиялық реакциялар;
- жүрек ұстамасы (миокард инфарктісі);
- кеуденің ауыруы (стенокардия);
- ұйқы безінің қабынуы (панкреатит), бұл өзін нашар сезінумен қатар жүретін асқазан мен арқадағы күрделі ауыруды тудыруы мүмкін.

Белгісіз – қолда бар деректерге сүйене отырып, пайда болу жиілігін анықтау мүмкін емес:

- қарқынды тері бөртпесі, есекжем, бүкіл денеде терінің қызаруы, қатты қышыну, күлдіреуіктің түзілуі, қабыршықтану және терінің ісінуі, терінің жоғарғы қабаттарының қабыршақтануы, шырышты қабықтың қабынуы (жоғарыда аталған Стивенс-Джонсон синдромына ұқсас көріністері бар уытты эпидермальді некролиз, бірақ ағымы одан да ауыр).

Престанс® препаратын қабылдауды тоқтатыңыз және жоғарыда көрсетілген күрделі жағымсыз реакциялар пайда болған жағдайда дереу медициналық көмекке жүгініңіз.

Амлодипин және периндоприл препараттарын қолдану кезінде хабарланған басқа да жағымсыз реакциялар:

Өте жиі – 10-ның 1-уінен астам адамда пайда болуы мүмкін:

- сұйықтықтың іркілуі (ісіну).

Жиі – 10-ның 1-уінен астам адамда пайда болуы мүмкін:

- ұйқышылық (әсіресе емдеудің басында); бас ауыруы (әсіресе емдеудің басында); дәмнің бұзылысы (дисгевзия); аяқ-қолдың ұюы немесе шаншу (парестезия); көрудің бұзылуы; қос көру (диплопия); құлақтағы шуыл; бас ауыруы (вертиго); жүрек соғуының сезімі; бет терісіне «қан тебулер»; төмен артериялық қысым және оның симптомдары (артериялық гипотензия және артериялық гипотензиямен байланысты әсерлер); енгігу; жөтел;
- іштің ауыруы; жүрек айнуы; құсу; асқорытудың қиындауы (диспепсия); нәжістің жиілігі мен сипатының өзгеруі; диарея; іш қату; терінің қышынуы; бөртпе, оның ішінде тері бөртпесі (экзантема); білек аймағының ісінуі (буын аймағының ісінуі); бұлшықет түйілуі; қажу; әлсіздік (астения).

Жиі емес – 100-дің 1-уінен астам адамда пайда болуы мүмкін:

- мұрынның бітелуі немесе тұмау (ринит); эозинофилдердің жоғары мөлшері (лейкоциттердің түрі) (эозинофилия); аллергиялық реакциялар (аса жоғары сезімталдық);
- қант диабеті бар пациенттерде қандағы қанттың концентрациясы өте төмен болуы (гипогликемия); қандағы калий концентрациясының ем тоқтағаннан кейін төмендейтін жоғарылауы (препаратты тоқтатқаннан кейін қайтымды болатын гиперкалиемия); қандағы натрий концентрациясының төмен болуы (гипонатриемия);
- ұйқысыздық; көңіл-күйдің өзгеруі (көңіл-күйдің тұрақсыздығы (үрейді қоса); депрессия; ұйқының бұзылуы; дірілдеу, дене бөліктерінің немесе бүкіл дененің еріксіз ырғақты қозғалысы (тремор); сезімталдықтың төмендеуі, мысалы, терінің сезімталдығы (гипестезия);
- қан тамырларының қабынуы (васкулит); ауыздың құрғауы; шаштың түсуі (алопеция); терінің немесе шырышты қабықтардың ұсақ қан құйылулары (пурпура); тері түсінің өзгеруі; тершеңдік; теріде қышитын күлдіреуіктің пайда болуы (есекжем); терінің күнге жоғары сезімталдығы (фотосезімталдық реакциясы); терінің қабыршақтануы және күлдіреуіктің түзілуі (пемфигрид);
- буынның ауыруы (артралгия); бұлшықет ауыруы (миалгия); арқаның ауыруы; несеп шығарудың бұзылуы, түнгі уақытта несеп шығару қажеттілігінің жоғарылауы (никтурия), несеп мөлшерінің артуы (поллакиурия); бүйрек жеткіліксіздігі; импотенция (эректильді дисфункция); ерлердегі жайсыздық немесе сүт бездерінің ұлғаюы (гинекомастия); тері мен тері асты шелінің ісінуі, мысалы, аяқтың ісінуі (шеткері ісіну); кеуде қуысының ауыруы; ауыру; дімкәстік; қызба;
- дене салмағының жоғарылауы, дене салмағының төмендеуі; қандағы мочевиная концентрациясының жоғарылауы; қандағы креатинин концентрациясының жоғарылауы; құлау.

Сирек – 1000-ның 1-уінен астам адамда пайда болуы мүмкін:

- бүйректің жедел жеткіліксіздігі; АГАЕСС (антидиуретик гормонның адекватты емес секрециялану синдромы) аталатын бұзылыстар симптомдары: несептің күңгірттенуі, жүрек айнуы немесе құсу, бұлшықет түйілулері, сананың шатасуы және құрысулар; несеп бөлінудің азаюы немесе болмауы (олигурия/анурия)
- сананың шатасуы; псориаздың асқынуы; бауыр ферменттерінің белсенділігін арттыру; қандағы билирубин концентрациясының жоғарылауы.

Өте сирек – 10 000-ның 1-уінен астам адамда пайда болуы мүмкін:

- қан тарапынан бұзылулар: қандағы лейкоциттер санының төмендеуі (лейкопения), нейтрофилдер санының төмендеуі (лейкоциттер түрі) (нейтропения), нейтрофилдердің өте аз саны (лейкоциттер түрі) (агранулоцитоз), қандағы лейкоциттер, эритроциттер

және тромбоциттер санының төмендеуі (панцитопения), қандағы тромбоциттер санының төмендеуі (тромбоцитопения), гемоглобин мен гематокрит төмендеуі, туа біткен глюкоза-6-фосфатдегидрогеназа ферментінің жеткіліксіздігі бар пациенттерде қандағы эритроциттер санының төмендеуі (гемолиздік анемия), қандағы глюкоза концентрациясының жоғарылауы (гипергликемия);

- патологиялық бұлшықет кернеуі (гипертонус); сезімтал және/немесе қозғалмалы жүйкелердің бұзылуы (шеткері нейропатия); қозғалыстың немесе сөйлеудің бұзылуы, бұл ықтимал инсульттің белгісі болуы мүмкін (жоғары қауіп тобындағы пациенттерде АҚ шамадан тыс төмендеуі салдарынан болуы мүмкін);
- пневмонияның сирек түрі - эозинофильді пневмония; қызылиектің ісінуі (қызылиектің гиперплазиясы); асқазан шырышты қабығының қабынуы (гастрит); бауырдың қабынуы, терінің және/немесе шырышты қабықтардың сарғаюы (гепатит, сарғаю); бауыр қабынуының ерекше түрлері - цитолитикалық немесе холестаздық гепатит; бауыр ферменттерінің белсенділігінің артуы (көбінесе холестазбен бірге); көбінесе бет, қол немесе аяқтардағы қызыл қышынған дақтардан басталатын тері бөртпесі (көпформалы эритема).

Белгісіз – қолда бар деректерге сүйене отырып, пайда болу жиілігін анықтау мүмкін емес:

- діріл, шиеленіскен поза, маска тәрізді бет, баяу қозғалыстар және соққылар, теңгерімсіз жүру (экстрапирамидтік бұзылулар (экстрапирамидтік синдром); тері түсінің өзгеруі, саусақтардың немесе аяқтың ұюы және ауыруы (Рейно синдромы).

Жағымсыз реакциялар жөнінде мәлімдеме

Егер сізде қандай да бір жағымсыз реакциялар пайда болса, дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен немесе мейірбикемен кеңесіңіз. Бұл ұсыным кез келген ықтимал жағымсыз реакцияларға, оның ішінде қосымша парақта аталмаған реакцияларға қолданылады. Сіз сондай – ақ мүше мемлекеттің аумағында анықталған дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әсерлер) жөніндегі ақпараттық деректер базасына жағымсыз реакциялар туралы хабарлай аласыз. Сондай-ақ, жағымсыз реакциялар туралы тікелей хабарлай аласыз:

Ресей Федерациясы

109012, Мәскеу қ., Славянская алаңы, д. 4, 1-күр.

Денсаулық сақтау саласында қадағалау жөніндегі федералды қызмет (Росздравнадзор)

Тел: +7 (800) 550-99-03

<http://roszdravnadzor.gov.ru>

Қазақстан Республикасы

010000, Астана қ., Байқоңыр ауданы, Иманов көш., 13 («Нұрсаулет 2» БО)

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (7172) 235-135

<http://www.ndda.kz>

Қырғыз Республикасы

720044, Бішкек қаласы, 3-Линия көшесі, 25-үй

Қырғыз Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар департаменті

Тел.: +996 (312) 21-92-78

<http://pharm.kg>

Армения Республикасы

0051, Ереван қаласы, Комитас даңғ., 49/4

«Дәрілер мен медициналық технологияларды сараптау орталығы» ШЖҚ

Тел.: (+374 60) 83 00 73, (+374 10) 23 08 96, (+374 10) 23 16 82

Дәрілердің қауіпсіздігін бақылау бөлімінің

жедел желі телефоны: (+374 10) 20 05 05,
(+374 96) 22 05 05
<http://pharm.am>

Беларусь Республикасы

220037, Минск қ., Товарищеский өткелі, 2а

үй

«Денсаулық сақтаудағы сараптамалар мен
сынақтар орталығы» УК

Тел.: +375 (17) 231 85 14

Факс.: +375 (17) 252 53 58

Фармакологиялық қадағалау бөлімінің

телефоны: +375 (17) 242 00 29

<http://www.rceth.by>

5. Престанс® препаратын сақтау

Препаратты балалардың қолы жетпейтін және көрінбейтін жерде сақтаңыз.

Осы дәрілік препаратты қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін «дейін жарамды:» немесе «дейін жарамды» деген сөзден кейін қолданбаңыз. Жарамдылық мерзімі көрсетілген айдың соңғы күні болып табылады.

25 °C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Препаратты кәрізге тастамаңыз. Енді қажет емес препаратты қалай тастау керектігін денсаулық сақтау маманынан сұраңыз. Бұл шаралар қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндік береді.

6. Қаптаманың ішіндегісі және басқа да мәліметтер

Престанс® препаратының құрамында

Әсер етуші заттар амлодипин және периндоприл болып табылады:

Бір таблетканың құрамында

Престанс®, 5 мг + 5 мг, таблеткалар

Әрбір таблетканың құрамында 6,935 мг амлодипин безилаты бар, 5,0 мг амлодипинге және 5,0 мг периндоприл аргининге сәйкес келеді, 3,395 мг периндоприлге сәйкес келеді.

Басқа ингредиенттер (қосымша заттар): микрокристалды целлюлоза, лактоза моногидраты, магний стеараты, сусыз коллоидты кремнийдің қостотығы болып табылады.

Престанс®, 5 мг + 10 мг, таблеткалар

Әрбір таблетканың құрамында 6,935 мг амлодипин безилаты бар, 5,0 мг амлодипинге және 10,0 мг периндоприл аргининге сәйкес келеді, 6,79 мг периндоприлге сәйкес келеді.

Басқа ингредиенттер (қосымша заттар): микрокристалды целлюлоза, лактоза моногидраты, магний стеараты, сусыз коллоидты кремнийдің қостотығы болып табылады.

Престанс®, 10 мг + 5 мг, таблеткалар

Әрбір таблетканың құрамында 13,87 мг амлодипин безилаты бар, 10,0 мг амлодипинге және 5,0 мг периндоприл аргининге сәйкес келеді, 3,395 мг периндоприлге сәйкес келеді.

Басқа ингредиенттер (қосалқы заттар): микрокристалды целлюлоза, лактоза моногидраты, магний стеараты, сусыз коллоидты кремнийдің қостотығы болып табылады.

Престанс®, 10 мг + 10 мг, таблеткалар

Әрбір таблетканың құрамында 13,87 мг амлодипин безилаты бар, 10,0 мг амлодипинге және 10,0 мг периндоприл аргининге сәйкес келеді, 6,79 мг периндоприлге сәйкес келеді.

Басқа ингредиенттер (қосалқы заттар): микрокристалды целлюлоза, лактоза моногидраты, магний стеараты, сусыз коллоидты кремнийдің қостотығы болып табылады.

Престанс® препаратының сыртқы түрі және қаптамасының ішіндегі

Таблеткалар

Престанс® , 5 мг + 5 мг, таблеткалар

Препарат ақ түсті ұзынша екі беті дөңес таблеткалары, бір жағында «5 / 5» гравировкасы және  – басқа жағында.

Престанс® , 5 мг + 10 мг, таблеткалар

Препарат ақ түсті үшбұрышты екі беті дөңес таблеткалары, бір жағында «5 / 10» гравировкасы және  – басқа жағында.

Престанс® , 10 мг + 5 мг, таблеткалар

Препарат ақ түсті төртбұрышты екі беті дөңес таблеткалары, бір жағында «10 / 5» гравировкасы және  – басқа жағында.

Престанс® , 10 мг + 10 мг, таблеткалар

Препарат ақ түсті дөңгелек екі беті дөңес таблеткалары, бір жағында «10 / 10» гравировкасы және  – басқа жағында.

Әр қаптамада

29 немесе 30 таблеткадан тығыздығы төмен полиэтиленнен жасалған дозатормен және ылғал сіңіретін гелі (силикагелі) бар тығыздығы төмен полиэтиленнен жасалған қақпақпен жабдықталған полипропиленнен жасалған құтыға салынған.

1 құтыдан алғаш ашылуын бақылаумен, картон қорапшаға қосымша парақпен салынған.

Стационарларға арналған қаптама:

30 таблеткадан тығыздығы төмен полиэтиленнен жасалған дозатормен және ылғал сіңіретін гелі (силикагелі) бар тығыздығы төмен полиэтиленнен жасалған қақпақпен жабдықталған полипропиленнен жасалған құтыға салынған.

3 құтыдан алғаш ашылуын бақылаумен, картон қорапшаға қосымша парақтардың бірдей саны салынған.

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

Франция

Лаборатории Сервье / Les Laboratoires Servier

92284 Франция, Сюрен Седекс, ул. Карно 50 / 50, rue Carnot, 92284 Suresnes Cedex, France

Өндіруші

«СЕРВЬЕ РУС» ЖШҚ, Ресей

Мекенжайы: 108828, Мәскеу, Краснопахорское кенті, 158 квартал, 2-меншік, 1-құрылыс.

Препарат туралы кез келген ақпарат алу үшін, сондай-ақ шағымдар туындаған жағдайда тіркеу куәлігін ұстаушының жергілікті өкіліне жүгіну қажет:

Ресей Федерациясы

«Сервье» АҚ

Мекенжайы: 125196, Мәскеу қ., Лесная көш., 7 үй, 7/8/9 қабат

Тел.: +7 (495) 937 07 00

Факс: +7 (495) 937 07 01

Эл. пошта: servier.russia@servier.com

Беларусь Республикасы

Беларусь Республикасындағы «Les Laboratoires Servier» (Француз Республикасы) УАҚ өкілдігі

Мекенжайы: 220030, Минск қ., Мясников көш., 70, 303 кеңсе

Тел.: +375 (17) 306 54 55/56

Эл. пошта: officeBY@servier.com

Армения Республикасы

«Лаборатории Сервье» өкілдігі

Мекенжайы: 0002, Ереван қ., Кентрон, Амирян көш., 15, дүкен 100

Тел.: +374 (10) 50-50-74

Эл. пошта: pvarmenia@servier.com

Қазақстан Республикасы және Қырғыз Республикасы

«Сервье Қазақстан» ЖШС

Мекенжайы: 050020, Алматы қ., Достық даңғылы, 310Г

Тел.: +7 (727) 386 76 62

Эл. пошта: kazadinfo@servier.com

Қосымша парақ қайта қаралды

Референттік мемлекетте бекітілген күні:

Препарат туралы толық мәліметтер Одақтың веб-сайтында <http://eec.eaeunion.org/> бар.

Қосымша парақ Одақтың веб-сайтында одақтың барлық тілдерінде қолжетімді.

Дата утверждения 18.02.2026
ЛП-№000575-ГП-KZ от 18.02.2026